



## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-13-23

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БАҒАЛАНАТЫН ЖАЗБАША ЖҰМЫСТАРЫН БӨТЕН МӘТІНДІ ПАЙДАЛАНУ НЫСАНЫНА ТЕКСЕРУДІҢ ЕРЕЖЕСІ

### АЛҒЫ СӨЗ

1. Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген
  - Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Оралова З.М.
3. Келісілді
  - Оку-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Байнеева П.Т.
  - Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы Суттибаева А.А.
4. Университеттің Фылыми кеңесінің 29. 11. 2023 № 5 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2023
6. Тексерілу мерзімі – 2025

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2023

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ҮЕ-13-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің ережесі	7 беттің 2- беті	

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Ереже университеттің білім алушылары мен профессор-оқытушыларының жазба жұмыстарының өз бетінше орындалуын тексеру, өзіндік дәрежесін анықтау, ізденушілік жауапкершілігін, зияткерлік меншік құқықтарын сақтау.

1.2 Ереже «Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС-ң Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат, барлық құрылымдық бөлімдер Ереже талаптарын орындауы міндетті.

## 2 СЛІТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

1. Қазақстан Республикасының 2007.07.27 № 319-III "Білім туралы" Заны (2023 ж. 10 қыркүйекте өзгерістер мен толықтырулар енгізілді);

2. Тиісті ұлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 № 595 бұйрығы (12.10.2023 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен);

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді;

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығы (29.01.2023 өзгерістер мен толықтыруларымен);

5. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (2023 жылғы 25 шілдеде өзгерістер мен толықтыруларымен);

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 29.11.2007 ж. № 583 бұйрығымен бекітілген «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 263 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).

## 3 ЕРЕЖЕ МАЗМУНЫ

### 3.1 Жалпы ережелер

3.1.1 «Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС-ң білім алушылары мен профессор-оқытушылардың жазбаша жұмыстарын дербес орындауы - оқу үдерісін ұйымдастыру мен оның тиімділік сапасын арттыру, адал бәсекелестікі ынталандырушарты болып табылады.

Ереже қағидаларын сақтамағаны үшін қабылданатын шараларды, сондай-ақ Ереже талаптары бұзылған жағдайда «Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС-ң әкімшілігі реттейтін әрекеттерді анықтайды.

3.1.2 Бұл Ереже университетте орындалған курстық, дипломдық жұмыстарды, диссертациялық жұмысты, монография, оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құралдарды, Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҚР ғжБМ ЖБССҚҚ) ұсынылған басылымдарға, халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарға Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1, 2 және 3 квартиліне кіретін немесе Scopus (Скопус) Репортс) деректері бойынша 1, 2 және 3 квартиліне кіретін немесе Scopus (Скопус)

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ҮЕ-13-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің ережесі	7 беттің 3- беті	

базасында CiteScore (СайтСкор) көрсеткіші кемінде 35-50 болатын журналдарға; Элеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оғ Сайенс Кор Коллекшин) (Arts and Humanities Citation Index (Арт әнд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) бөлімдері) деректер базасындағы, сондай-ақ JSTOR (ДЖЕЙСТОР) базасына кіретін журналдарға, сараптамалық қорытындыларға ұсынылған ғылыми мақалаларды өзіндік орындау дәрежесін анықтау үшін тексеру тәртібін анықтайды.

3.1.3 Ереже университеттің білім беру және ғылыми қызметтің жоғары деңгейде ұйымдастыру мен сапасын жақсарту, білім алушылардың және профессор-окытушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру, азаматтардың және занды тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын сақтау үшін енгізіледі.

Бұл ереже жазба жұмыстардың плагиатқа тексеру тәртібін анықтайды.

### **3.2 Жазба жұмыстарды тексерудің жалпы тәртібі**

3.2.1 Плагиатқа міндетті түрде тексерілетін жұмыс түрлері:

- курсық жұмыс (жоба);
- дипломдық жұмыс (жоба);
- магистрлік диссертация;
- монография, оқулық, оқу, оқу-әдістемелік құралы;
- ҚР БФМ БГСБК ұсынылған басылымдар, халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарға Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 және 3 квартиліне кіретін немесе Scopus базасында CiteScore көрсеткіші кемінде 35-50 болатын журналдарға; Элеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында Clarivate Analytics компаниясының Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базасындағы, сондай-ақ JSTOR базасына кіретін журналдарға ұсынылған ғылыми мақалаларды;
- сараптамалық қорытындыларға ұсынылған ғылыми мақалалар.

3.2.2 «Антиплагиат» жүйесінде барлық жазбаша жұмыстарға тексеріс ректордың бүйрығы негізінде жүзеге асырылады.

3.2.3 Кафедрада тапсырылатын жазбаша жұмыстарды «Антиплагиат» жүйесімен тексеруге жауапты тұлғалар анықталады. Курстық, магистрлік диссертацияны, дипломдық жұмыстарды тексеру кезінде ғылыми жетекшілер немесе мамандар даярлайтын кафедралардың менгерушілері осындай тұлға болып тағайындала алады.

3.2.4 Білім алушылардың тексеру жұмыстарын электрондық форматта ғылыми жетекші немесе кафедра зертханашысы өткізеді. ОПК-ның жазбаша жұмыстарын тексеру жеке өтініші бойынша немесе кафедра менгерушінің қызмет хаты негізінде белгіленген нысанда жүргізіледі, онда автор жұмысының түпнұсқалық екенін мәлімдейді және плагиат бар жағдайда тексеру бірінші рет тегін болатынын хабарды екенін мәлімдейді. Бір жұмыстың өз бетінше орындау дәрежесін анықтау үшін тексеру 3 реттен артық өткізілмейді. Антиплагиатқа магистрлік диссертация тексеру ақылы түрде өткізіледі.

3.2.5 Жазбаша жұмыста бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі Ережеде белгіленген үлесінен асқан жағдайда теріс шешім қабылданады. Жұмыс корғауға (жариялауға) жіберілмейді және автордың беделіне нұқсан келеді.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС	УЕ-13-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі
Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің ережесі	7 беттің 4- беті

3.2.6 «Антиплагиат» жүйе арқылы сыйналмаған жұмыстардың авторлары белгіленген мерзімде жұмысты қайта қарауға және қайта сараптауға құқығы бар.

3.2.7 «Антиплагиат» жүйесінен өтпеген жұмыстар жетекшілер мен білім алушыға қайта қарау үшін қайтарылады.

3.2.8 «Антиплагиат» жүйесімен жазбаша жұмысты тексеру нәтижелері ғылыми жетекшінің жазбаша пікіріне тіркеледі және онымен бірге сақталады.

### **3.3 Жазба жұмыстарды тексеру тәртібі**

#### **3.3.1 Курстық жұмыстарды (жобаны) тексеру**

3.3.1.1 Курстық жұмыстар (жоба) плагиатқа тексеру қорғауға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

3.3.1.2 Тексеру анықтамасы білім алушыға және/немесе ғылыми жетекшіге қағаз және/немесе электронды түрде беріледі.

3.3.1.3 Егер бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 50%-дан аспаған жағдайда білім алушының жазбаша жұмысы қорғауға жіберіледі.

3.3.1.4 Курстық жұмыс (жоба) Ереже талаптарына сай болмаса жұмыс білім алушыға қайта қарау үшін қайтарылады.

3.3.1.5 Курстық жұмыс (жоба) түзетілмеген немесе түзетілгеннен кейін Ереженің талаптарына сай болмаса, жұмыс қорғауға жіберілмейді.

3.3.1.6 Талаптарға сай емес курстық жұмысты (жобаны) емтихан сессиясының аяқталуына дейін қорғауға жібермеу академиялық қарызы болып есептеледі.

#### **3.3.2 Корытынды аттестаттау жұмысын тексеру**

3.3.2.1 Дипломдық жұмысты (жобаны) плагиатқа тексеру үшін шығарушы кафедра жинап «Антиплагиат» жүйесімен тексеруге жауапты тұлғаға тапсырады.

3.3.2.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексеру бітірушінің жауапкершілігіне жатады.

3.3.2.3 Дипломдық жұмыстың (жобаның) орындауы оқу үдерісінің тиімділігі үшін қажетті шарт болып табылады.

3.3.2.4 Дипломдық жұмысты (жобаны) плагиатқа тексеру қорғауға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

3.3.2.5 Дипломдық жұмыстың (жобаның) «Антиплагиат» жүйе арқылы бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 50%-дан аспаған жағдайда жұмыс қорғауға жіберілуге ұсынылады, тексеру нәтижесінің анықтамасы білім алушыға және/немесе ғылыми жетекшіге қағаз және/немесе электронды түрде беріледі.

3.3.2.6 Дипломдық жұмыстың (жобаның) плагиатқа тексеру нәтижелерін талдау негізінде кафедра менгерушісі жұмысты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды.

3.3.2.7 Егер плагиатқа тексеруден кейін кемшіліктер жойылмаса немесе білім алушының Ережеде көрсетілген мерзімде түрлі себептермен плагиатты жоюға қабілетсіздігі айқындалса, жұмыс қорғауға жіберілмейді, қайта өндеуге жатады және қорғау мерзімі келесі жылға қалады. Білім алушы оқу жоспарын орындаған болып саналып, университеттен шығарылады.

#### **3.3.3 Магистрлік диссертацияны (жобаны) тексеру**

3.3.3.1 Магистрлік диссертацияның (жобаның) электрондық нұсқасын ғылыми жетекшілер мен кафедра менгерушілер қорытынды аттестаттау комиссиясының (ҚАК) жұмысы басталардан бұрын жинақтап ЖОО кейінгі білім бөліміне өткізеді.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ҮЕ-13-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің ережесі	7 беттің 5- беті	

3.3.3.2 Магистрлік диссертация (жоба) плагиатқа тексеру қорғауға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

3.3.2.3 Магистрлік диссертация (жоба) «Антиплагиат» жүйе арқылы бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 30%-дан аспаған жағдайда жұмыс қорғауға жіберілуге ұсынылады, тексеру нәтижесінің анықтамасы білім алушыға және/немесе ғылыми жетекшіге қағаз және/немесе электронды түрде беріледі.

3.3.2.4 Егер диссертацияның мәтіні түпнұсқалық нормаларына сәйкес келмесе, жұмыс авторға жазбаша ескертулермен және тексеру анықтамасымен қайта қарау үшін қайтарылады.

### **3.3.4 Монография, оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құралды тексеру**

3.3.4.1 Монография, оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құралдың авторлары қолжазбаларын электрондық нұсқасын «Антиплагиат» жүйесімен тексеруден кейін ғылыми кеңестің немесе Оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісіне ұсынады.

3.3.4.2 «Антиплагиат» жүйесімен тексеруге жауапты тұлғалар 3 жұмыс күні мерзімінде монографияны, оқулықты, оқу құралын, оқу-әдістемелік құралды «Антиплагиат» жүйе арқылы тексеруден өткізеді және авторға тексеру анықтамасын қағаз және/немесе электронды түрде береді.

3.3.4.3 Монография, оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 25%-дан аспаған жағдайда баспаға жариялаға ұсынылады.

3.3.4.4 Монография, оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал мәтінінің түпнұсқалығы ережеге сәйкес келмесе, авторға қайта өндеуге қайтарылады.

### **3.3.5 Ғылыми мақалаларды тексеру**

3.3.5.1 Автор ҚР БФМ БФСБК ұсынылған басылымдарға, халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарға Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 және 3 квартиліне кіретін немесе Scopus базасында CiteScore көрсеткіші кемінде 35-50 болатын журналдарға; Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында Clarivate Analytics компаниясының Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базасындағы, сондай-ақ JSTOR базасына кіретін журналдарға ұсынылған ғылыми мақалаларды «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексеруден өткізеді, ОӘБ 2 жұмыс күні мерзімінде тексеріп, қағаз және/немесе электронды түрде анықтамабереді.

3.3.5.2 ҚР БФМ БФСБК ұсынылған басылымдарға, халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарға Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 және 3 квартиліне кіретін немесе Scopus базасында CiteScore көрсеткіші кемінде 35-50 болатын журналдарға; Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында Clarivate Analytics компаниясының Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базасындағы, сондай-ақ JSTOR базасына кіретін журналдарға ұсынылған ғылыми мақалаларды, саралтамалық қорытындыға ұсынылған ғылыми мақалалар бөтен мәтіннен көшірілген көлемі 20%-дан аспаған жағдайда баспаға жариялауға ұсынылады.

## **3.4 Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің ережесін дайындау және бекіту тәртібі**

3.4.1. Ереженің жобасын құрастырушу оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор және Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысымен келісіледі.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС	УЕ-13-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі
Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің ережесі	2-нұсқа 7 беттің 6- беті

3.4.2. Ереже Фылыми кеңес мәжілісінде талқыланады.

3.4.3. Ереже университет ректорымен бекітіледі.

3.4.4. Ереже Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінде тіркеледі және бақылау данасы сақталады. Ксерокөшірмесі орнатылған тәртіп бойынша тиісті құрылымдық бөлімдерге таратылады.

### 3.5 Өзгерістер енгізу тәртібі

3.5.1 Ереже жойылғанға дейін қызмет етеді немесе жаңасымен ауыстырылады.

3.5.2 Осы ереже атауы өзгерген жағдайда қайта бекітіліп ауыстырылады.

3.5.3 Ережеге енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінде сақталады.

## 4 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің ереже талаптарының негізділігі мен мазмұнына кафедра менгерушісі, профессор-оқытушылар мен білім алушылар жауапты.

Оз бетімен дербес орындалмаған жұмыс қорғауға жіберілмейді және оң бағаланбайды.

Жазбаша жұмыста плагиат анықталған жағдайда білім алушыға лайықты емес тәртібі үшін, оқудан шығаруға дейін тәртіптік жаза қолданылады.

## КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор

Байнеева П.Т.

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы

Суттибаева А.А.

